

**Бұқар жырау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын 2012 жылы ұсыну туралы**

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 49 сессиясының 2011 жылғы 12 желтоқсандағы N 5 шешімі. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 6 қаңтарда N 8-11-130 тіркелді. 2013 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

**Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2012.06.09 N 5 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7 бабы 3 тармағының 4) тармақшасына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 183 қаулысының 2 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бұқар жырау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары 2012 жылы ұсынылсын.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2012.06.09 N 5 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,  
мәслихат хатшысы

А. Жүніспеков

КЕЛІСІЛДІ:

"Бұқар жырау ауданы

экономика және

бюджеттік жоспарлау бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

А.М. Нүркенова

2011 жылғы 12 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК